

1. Бенвенист, Э. Общая лингвистика / Э. Бенвенист. — Москва : «Прогресс», 1974. - С. 139.
2. Ван Дейк. Т.А. Язык Познание. Коммуникация / Д. Т.А.ван. — Благовещенск : БГК им. И. А. Бодуэна де Куртенэ, 2000. - С. 121-122.
3. Тюленева Н.А. Лингвокогнитивные стратегии позиционирования и продвижения туристических услуг в российской и англо-американской рекламе // автореф. дис.....канд. филол. наук. Екатеринбург. - 2008
4. Добросклонская Т. Г. Медиадискурс как объект лингвистики и межкультурной коммуникации // Вестник Московского университета. Серия 10 «Журналистика». 2006.
5. Вольфсон, О. Город с головокружительными видами: 5 точек, с которых нужно полюбоваться на Рио-де-Жанейро [Электронный ресурс] / О. Вольфсон // Вокруг Света. — 2018. — URL: <https://www.vokrugsveta.ru/articles/gorod-boga-5-golovokruzitelny-x-vidov-rio-de-zaneiro-303210-id608091/>.

**Алмасова А.А.,** Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, филология факультеті, ҚЖ-41-20, студент  
(Ғылыми жетекшісі – PhD, профессордың ассистенті Амангелдиева Г. С.)

## **ДАТА-ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ МЕДИАТРЕНТ РЕТІНДЕГІ СИПАТЫ**

Data-журналистика – «деректер» ұғымын «үлкен көлемдегі деректер» ұғымымен енді. «Ашық деректер» терминіне алғашқы сілтеме 1995 жылы пайда болды [1, 18р.], ал журналистикада ашық деректерді белсенді қолдану және бұл ұғымды талқылау 2000 жылдардың ортасынан басталады.

Жалпы тарихына үңілсек, 1821 жылы The Guardian басылымында Ұлыбританияның әртүрлі университеттеріндегі жоғары білімнің құнын зерттеген көлемді мақала жарыққа шықты. Журналистік тәжірибеде алғаш рет «оқырмандар үшін барлық деректерді ашық ұсынғаны» үшін жұмыс оң пікірлерге ие болды.

Деректер журналистикасы жанрындағы келесі жарқын мақала – журналист Флоренс Найтингейлдің зерттеу жұмысы. Оның 54 беттік зерттеуі 1858 жылы британ армиясының штатындағы жағдай мен жыл сайынғы шығындарды талдауға бағытталған. Автор өзінің ауқымды зерттеуінде кестелік көрініс пен диаграммаларға аударылған деректердің үлкен көлемін келтіреді. Найтингейлдің зерттеуі толыққанды журналистік тергеу болып табылады, оның қорытындысы білгілі бір жас аралығындағы әскердегі өлім саны бейбіт тұрғындардың өлімінен екі есе дерлік жоғары екендігін дәлелдеп берді [2, 73с.].

Қазіргі уақытта қолда бар құралдар мен деректерді пайдалана отырып, журналистке жаңа сюжеттерді табуға (табылған деректер пакеттеріне тереңірек үңіліп, оларды құрылымдау және талдау арқылы), сондай-ақ оларды кең оқырмандарға ұсыну үшін визуализациялауға болады. Бұл ретте, деректерге неғұрлым егжей-тегжейлі сұнғу, кешенді тәуелділіктер мен корреляцияларды іздеу неғұрлым кешенді құралдарды (SPSS, R Studio) пайдалануды және белгілі бір бағдарламалау дағдыларының болуын (MySQL жүйелері, Python тілі және т.б. негізінде) пайдалануды талап етеді [3].

Диджитализация дәуірінде цифрлық деректердің көлемі соншалықты өсуде, ол Big Data ішіндегі жеке салаға айналды және онымен жұмыс істеу үшін бірнеше жаңа мамандықтар пайда болды.


Дата-журналист – бұл жаңалықтар мен мақалалар жазу үшін үлкен деректерді жинайтын және талдайтын маман. Дата-журналист оларды мемлекеттік қызметтер мен коммерциялық емес ұйымдардың жария есептерінен, жеке қызметтер мен аналитикалық агенттіктердің статистикасынан іздейді, мәліметтер базасын және басқа дереккөздерді зерттейді.

Дата-журналистің міндеті – деректерді зерттеу және оларды көрнекі түрде ұсыну: графиктер, кестелер немесе аудитория түсінетін жеке веб-беттер түрінде. Яғни, дата-журналист қарапайым оқырмандар үшін түсінікті форматтарға тек мамандар ғана түсіне алатын ауқымды деректерді жүйелеп береді.

Мысалы, коронавирустық пандемияның басында The Washington Post SARS-Cov-2 таралу әлеуметтік қашықтықтың нәтижесінде маңызды екенін түсіндіретін мақала шығарды [4]. Мақаладағы деректер көпті таңқалдыра қоймады, бірақ олардың барлығы да негізге сай жасалған болатын. Нәтижесінде COVID-19 әсерінен көптеген елдердегі өлім санының жалпы көрінісі айқын көрініс тапты.

Covid-19 бойынша әлемде зерттеу өте қарқынды жүрді. 2023 жылғы деректерге сүйеніп өте қызықты инфографикаларды кезіктіре аламыз.


Мәселен [BBC NEWS](#) агенттігіні мынадай деректі ұсынады:



1-сурет – Джонс Хопкинс Университеті (Балтимор, АҚШ), жергілікті билік. Соңғы жаңартылған күні: 5 шілде 2022 ж., 10: 59 GMT+3 [4]

Бұл кестеде әр шеңберді басу арқылы барлық елдің дерегін көре аламыз. Мұндай деректерді қазақстанның сайттар көбіне тек инфографика түрінде беріп отыр. Денсаулық сақтау саласынан басқа да салаларда дата материалдар, зерттеулер бар. «Dadata» деректерді сататын компаниялар. Dadata-да жасанды интеллект арқылы көптеген деректерді алуға мүмкіндік беретін ақысыз тариф бар. Бірақ бұл деректер журналистикаға емес, коммерциялық аналитикаға көбірек бағытталған.

Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары сандық материалдарды дата-базаны көп қолданады. «The Guardian» газетінде Австралиядағы су тасқыны туралы деректер тарихының үзіндісі инфографика түрінде берілді (2-сурет). Анимациялық графикте 1900 жылдан 2021 жылға дейін әр түрлі аймақтарда күн сайын қанша жауын-шашын түскенін көруге болады [5].



Combines data from BoM sites: O60168, O60139 and 60026. Guardian graphic | Source: Bureau of Meteorology

However with flooding, the issue is not necessarily a single heavy day of rain, but sustained heavy rainfall over time.

Here, you can see the cumulative daily rainfall for 2021 against the historical trend. This chart takes all the available rainfall data and plots the median rainfall for a given day of the year, and also lines for the 10th percentile (below this line would be the 10% of driest days for this location) and the 90th percentile (above this line would be the 10% of wettest days for this location).


2-сурет – «The Guardian» басылымындағы Австралиядағы су тасқыны туралы деректер тарихының үзіндісі

Дата-журналист әлеуметтік маңызды тақырыпты таңдайды, заңдылықтарды анықтау, құбылыстың ауқымын бағалау үшін сандық деректерді іздейді және осыған сүйене отырып, оқырмандарға мәселені түсінуге көмектесетін қорытындыға келеді. Немесе, керісінше, автор деректерден шығатын қандай да бір

массивпен жұмыс істейді және материал жасауға болатын қызықты нәрсе табады. Екі жағдайда да қызықты фактілермен және инфографикамен түсінікті болу үшін дата-тарих алынады.

Дата-материалдарды әртүрлі шетелдік және ресейлік БАҚ жасайды: The New York Times, The Guardian, The Washington Post, Reuters, сондай-ақ РИА Новости, РБК, ТАСС, Азаттық радиосы.

Дата-журналист – оқырманға қызықты және түсінікті оқиға ретінде ұсыну үшін деректерді іздейтін, өңдейтін және визуализациялайтын маман. Бұл алғашынды Қазақстанда былайша көрініс тапты:




3-сурет – Азаттық радиосының жасаған диаграммасы

Қазақстандағы дата-журналистиканың үздік үлгісі ретінде «Қанды қаңтар құрбандары» микросайтын алуымызға болады. Оны «Азаттық радиосы» 2022 жылы маусым айында шығарды, кейіннен жаңа деректермен көбірек мәліметтерді қамтыды [6]. 1-маусымда «Қаңтар құрбандарының» тізімі жүйеленген арнайы микросайт әзірлеп, оны жұртқа таныстырған (4-сурет). Микросайтқа марқұмдардың деректері топтастырылған. Жоба әлі жалғасып, деректер толығып жатыр. Қаңтар ақиқатын ашу, оқырманға шындықты жеткізу «Азаттықтың» басты миссиясы болып қала бермек. «Азаттық радиосы» алда да бұл тақырыпты назарда ұстайды.

Сайттың берген мәліметінше сұйылтылған газдың қымбаттауынан басталған бейбіт наразылықтың аяғы бірнеше қалада тәртіпсіздікке айналды. Ресми дерек бойынша кемінде 238 адам қаза болған. Сарапшылар Қаңтар қантөгісінен бері екі жыл өтсе де негізгі сұрақтарға әлі жауап жоқ деп санайды. Құқық қорғаушылар адам өлімі бойынша қозғалған қылмыстық істердің басым бөлігі тоқтатылғанын, азаптау шағымдарының көбі қаралмағанын айтады. Ал «Қаңтар біржақты тергелді» деген сынмен келіспейтін билік елде Қаңтарға байланысты 5300 қылмыстық іс қозғалғанын, мың жарымнан астам сот үкімі шыққанын, тергеу әлі толық бітпегенін айтады.

Осының бәрі дата-журналистиканың негізінде сайтта көрсетілген.



4-сурет – Қанды қаңтар құрбандары микросайты

2022 жылы микросайтта көрсетілген деректер негізінде кітап жазылды. 2023 жылы 12-қаңтарда Алматыдағы Ramada қонақүйінде «Азаттық» «Қанды Қаңтар құрбандары» атты кітабын көпшілікке таныстырды. Жинаққа 2022 жылы болған «Қаңтар оқиғасы» кезінде Қазақстанның бірнеше қаласында қаза тапқан адамдардың кейбірінің оқиғалары топтастырылған. Кітапта кейінгі бір жылда «Азаттық» жариялаған жеке адамдар туралы 18 оқиға іріктеліп алынды.

«Қаңтарда оққа ұшқан әр мұңлықтың оқиғасы құйқа тамырынды шымырлатады. Алматыда оқ қарша жауған көліктің ішінде болып, бас сүйегі шашылып қалған 4 жасар Айкөркем Мелдехан, дүкенге нан алуға анасымен шығып, снайпер оғынан жан тәсілім еткен. Сұлтан Қылышбек, көлігі түгелдей өртеніп, сүйектерін балалары жинап алған. Ерлі-зайыпты желтоқсаншылар Гүлзипа Құлсұлтанова мен Қуат Біткенбаев, кәмелет жасына толмай оққа ұшқан тараздық Андрей Опушиев пен шымкенттік Абылай Ергеш... Зар еңіреген ана, азаматын жоқтаған әйел, жетім қалған бала...» деп жазылған кітаптың алғы сөзінде. Жинаққа «Азаттық» тілшілері «Қаңтар оқиғасы» күндері және одан кейін түсірген фотосуреттер де енгізілген [7].

Дата-журналистика немесе деректер журналистикасы Қазақстанда 2010-шы жылдардың соңында жақсы дами бастады. Ол үш саланың тоғысында пайда болды: журналистика, деректерді талдау және визуалды мазмұнды құру салалары.

Әлемнің түкпір-түкпірінен келген дата-журналистердің үздік жұмыстарымен танымал журналистік сыйлықтардың сайттарынан танысуға болады: Data Journalism Awards және Sigma Awards.

Дата-тарихы қалай жасалады деген сауалға жауап іздесек, дәстүрлі журналистика сияқты, деректер журналистикасында да ең бірінші материал жасау идеясы немесе тақырыбы пайда болады. Бірақ мұндағы ақпараттың негізгі көзі сұхбат, оқиға орындарындағы очерктер немесе пресс-релиздер емес, деректер болып табылады. Олар гипотезаларды тексеруге көмектеседі, оларды іздеуден бастап материал бойынша жұмыс жасалады.

Деректер тарихының негізінде деректермен тексерілетін идея жатыр. Алдымен талдау үшін қай жерде және қандай деректерді алу керектігін шешу керек. Ақпарат өзекті және толық болуы керек, сондықтан бірден бірнеше дереккөзді тексерген дұрыс.

Әдетте, журналистер ресми, ақысыз және қол жетімді ашық деректерді пайдаланады, ал кей деректерді интернетте әртүрлі ұйымдар немесе адамдар жариялайды. Кейбір деректер қандай да бір негізде құрылымдалған және дайын машинада оқылатын түрде ұсынылған – яғни оларды файлмен жүктеп, Excel немесе Word бағдарламасында ашуға болады. Басқаларын арнайы қызметтердің көмегімен автоматты түрде жалпыға қол жетімді сайттардан жинау керек.

Дата-журналистер мемлекеттік органдардың ресми сайттарынан статистикаға, анықтамалық ақпаратқа, мемлекеттік және жеке компаниялардың белгілі бір кезеңдегі жұмысы туралы жарияланған есептеріне, тіпті әлеуметтік желілерді пайдаланушылардың профильдерінен алынған ақпаратқа жүгінеді.

Егер автор проблемадан шешім тапса, деректерді іздеу жалпыдан жалқыға өтеді, тіпті құпия деректермен зерттеулер де жүргізіледі. Әдетте алгоритм келесідей:

1. Алдымен біз Қазақстандық деректер базасы мен бірыңғай ведомствоаралық ақпараттық-статистикалық жүйенің (EMISS) деректерін іздейміз. Әдетте, мұнда көптеген тақырыптар бойынша кем дегенде жалпы мәліметтер бар.

2. Журналистер заңдарды, даму стратегияларын және мемлекеттік бағдарламаларды қарастырады. Егер бұл анық болмаса, қандай ведомстволар проблемамен айналысатынын білу қажет.

Сонымен қатар, стратегия қосымшаларында әрқашан мақсаттар мен олардың ағымдағы мәндері болады. Кейде бұл жалғыз ашық дереккөз болуы мүмкін.

3. Қажетті федералды ведомстволардың — Денсаулық сақтау Министрлігінің, Мәдениет министрлігінің және аймақтық сайттарын зерттеп деректерді салыстырады. Барлық деректер EMISS базасына кірмейді, кейбір деректер ведомстволық сайттарда жарияланатынын ескеру керек.

Тағы да қажетті деректер ведомстволардың есептері мен жарияланымдарында қамтылған.

4. Салалық институттардың, ҮЕҰ, қорлардың, түрлі зерттеу жобаларының сайттарын тексереді.

5. Егер зерттеуге алынған мәліметтер ашық деректер туралы қаулылар тізімінде көрсетілсе және қандай да бір мемлекеттік бағдарлама шеңберінде жиналуға тиіс болса, бірақ олар еш жерде жарияланбаса, журналист тиісті ведомствоға сұрау салады, заң бұған мүмкіндік береді.

Сұрау салуды ведомствоның деректерді жариялау міндеті болмаса да жіберуге болады, бірақ мұндай жағдайларда жауап алу мүмкіндігі айтарлықтай аз. Бұл көбіне құпия деректерге қатысты болады.

Сұраныстарды КЕҰ-да да, коммерциялық ұйымдарда да жасауға болады. Олар әдетте коммуникативті және кем дегенде жалпы деректермен бөліседі.

6. Белгілі бір міндеттер үшін бюджеттер мен мемлекеттік сатып алуларды талдауға болады. Кейбір ведомстволар зерттеушілерге жасанды интеллект арқылы қол жеткізуге мүмкіндік береді. Қазір олардың саны аз.

Сот шешімдерінің мәтіндерімен жұмыс істеуді, әлеуметтік желілерді талдауды, жалпыға қол жетімді көздерден алынған деректерді талдауды қажет ететін нақты міндеттер бар. Бірақ бұл журналист алдымен деректерді зерттеп, оның негізінде материал жинауға болатынына қатысты.

Қорыта айтарымыз, ғылымның қай саласы болмасын деректер базасын дата-аналитика үлгісінде жинақтап, жариялауға бейімделуі керек. Шетелдік ұйымдарда дата-аналитика саласына сұраныстың артуы бекер емес. Отандық ғылымды дамыту үшін, сандық технологияларды меңгеру үшін біз жасанды интеллекттің барлық мүмкіндіктерін меңгеруге талпынуымыз қажет. Бүгінгі ғылым диджитал журналистикамен тығыз байланысты. Әрбір жаңалық сандық форматта жаңартылып, қолжетімді болуда. Осы ретте медианың рөлі ерекше.

1. Gray Jonathan, Lucy Chambers and Liliana Bounegru. The Data Journalism Handbook. How Journalists Can Use Data to Improve the News. O'Reilly Media, Sebastopol, 2012. 221p.

2. Савельев В. Статистика и котики. - Москва. АСТ, 2018. 255 с.

3. Python Data Tools, Data Science Central, March 2013 Access mode: <http://www.datasciencecentral.com/profiles/blogs/python-data-tools> (date of the application: 23.01.2024)

4. Коронавирус в мире: данные по странам и регионам. Режим доступа: <https://www.bbc.com/russian/news-51706538> (дата обращения: 26.01.2024)

5. The Guardian Datablog. Access mode: <http://www.theguardian.com/news/> (date of the application: 28.01.2024)

6. Қанды қаңтар құрбандары. Кіру режимі: <https://www.azattyq.org/a/qandy-qantar-qurbandary-2022/31874931.html> (қаралған күні: 23.12.2023)

7. Қанды қаңтар құрбандары. Кіру режимі: <https://www.azattyq.org/a/32219116.html> (қаралған күні: 28.01.2024)

**Аман Н.Ә.**, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, тарих факультеті, топ – ИО-23-1к, студент

(*Ғылыми жетекші – п.ғ.м., аға оқытушы Ыбырайхан М.БІ.*)

## **ҚҰНАНБАЙ ӨСКЕНБАЙҰЛЫ: ЕЛ ҚАМҚОРЫ ЖӘНЕ ДАЛА МЕЦЕНАТЫ**

Құнанбай тұлғасы халық жадында көсемнің классикалық бейнесінің ерекшелігімен, даланың асыл текті, ақсүйек билеушілерімен ұқсас болуымен сипатталады. Құнанбай қажы өмірден өткеннен кейін де, қаншама жылдар өтсе де, оның ру басшысы, би, судья ретінде, Қарқаралы округінің аға сұлтаны лауазымында да байқалған бірегей басқару стилі жайлы сақталған естеліктер кездеседі. Ол тек өз